

Қазақстан Республикасы Білім және
Фылым министрлінің
2021 жылғы «»
№_____ бүйріғына 2-қосымша

Бастауыш, негізгі орта және
жалпы орта білімнің жалпы
білім беретін оқу бағдарламаларын
іске асыратын білім беру
ұйымдарына оқуға қабылдаудың
үлгілік қағидаларына
2-қосымша

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында
балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету
стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – – портал); 2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі – 30 минут.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінана автоматтандырылған)/ қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті алушыдан қағаз жеткізгіште құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші келетін ұйымға ұсыну үшін тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұған күні, сыныбы, оқыту тілі және мектебі (телефон, пошталық мекен-жай, электрондық пошта мекен-жайы (ресми интернет-ресурс) көрсетілген келу туралы есептен шығару талонын береді немесе дәлелді бас тартады. Көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алған жағдайда білім алушы келетін көрсетілетін қызметті беруші басқа білім беру ұйымына келу туралы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұған күні, оқу сыныбы, білім беру ұйымының мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы (ресми интернет-ресурс)

		<p>көрсетілген есептен шығару талонын ұсынады.</p> <p>Окуга келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру үйімінде келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасын ұсынғаннан кейін беріледі) білім алушы кететін орта білім беру үйімінан құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алу үшін ұсынлады.</p> <p>Келу туралы сырттай куәліктің түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру үйімінде келу туралы сырттай куәліктің түпнұсқасын ұсынғаннан кейін беріледі) білім алушы құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алуға кететін орта білім беру үйімінде беріледі.</p> <p>Білім беру үйімдары білім алушыны орта білім беру үйімінде/үйімінан қабылдау/ шығару туралы бұйрықтар шығарады және салыстыру жүргізеді.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілген қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс уақыты	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілген қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүргінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру Кодекске сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.gov.kz порталында орналастырылған</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>- портал арқылы:</p> <p>1) ата-аналардың немесе басқа занды өкілдердің 2-қосымшасының нысанына сәйкес өтініші (келу мектебі мен кету мектебіне);</p> <p>- көрсетілетін қызметті берушіге (қағаз түрінде)</p> <p>1) ата-аналардың немесе басқа занды өкілдердің 2-</p>

		<p>қосымшасының нысанына сәйкес өтініші (келу мектебі мен кету мектебіне);</p> <p>2) құжаттарды қабылдау туралы есептен шығару талонында баланың толық аты-жөні, сыйныбы, оқыту тілі, мектебі, білім беру үйімінің телефондары мен электронды мекен-жайы (ресми интернет-ресурсы)</p> <p>(Қазақстан Республикасынан кетуін растайтын құжат ұсынатын, Қазақстан Республикасынан кетіп жатқан білім алушыларды қоспағанда) көрсетіледі.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден тарту негіздер	<p>сынып-жинақталымының шамадан тыс толуы</p> <p>Өтініш беру мерзімі осы ережелерде белгіленген мерзімге сәйкес келмейді</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>1) құжаттар топтамасын тапсыру үшін құтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15 (он бес) минут.</p> <p>2) қызмет көрсетудің ең ұзақ мерзімі 30 минуттан аспайды. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «Жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ «1414», 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p>

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы
орта білім беру бағдарламалары
бойынша ведомстволық
бағыныстылығына қарамастан
білім беру үйымына
құжаттарды қабылдау»
мемлекеттік қызмет көрсету
стандартына
2-қосымша

Нысан

білім беру үйымының атауы
директордың ТАӘ (болған жағдайда)
кімнен
ата-ананың (заңды өкілдің) ТАӘ (болған жағдайда)
Телефоны: _____

Отініш

Менің _____
(білім беру үйымының толық атауы)
сыныпта білім алған балам

(Т. А. Ә. (болған жағдайда)

(елді мекеннің, ауданның, қаланың және облыстың атауы)

тіркелген мекенжайы бойынша

(білім беру үйымының толық атауы) ауыстыруды сүраймын.
Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді
пайдалануға келісемін.
_____ «____» ____ 20__ жыл
(қолы)